

NEWS

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES

ISSN 2224-5294

Volume 5, Number 309 (2016), 157 – 163

UDC 331.361

S.A.Zholdasbekova¹, Zh.O.Nurzhanbaeva²

¹South Kazakhstan State University named after M.Auezov, Shymkent, saulez.63@mail.ru;

²South Kazakhstan State University named after M.Auezov, Shymkent, janat189@mail.ru

THE GENERAL INTEREST OF SOCIAL PARTNERSHIP IN PREPARATION FOR THE WORK OF FUTURE SPECIALISTS

Abstract. Human labor is the main value and the capital of modern society. Kazakh President Nursultan Nazarbayev in his national project "Intelligent Nation 2020" - on the education of youth through building the right system of values, hard work, the pursuit of continuous improvement and learning, said: "Education of Kazakhstan of the new formation, transformation of Kazakhstan into a country with competitive human capital "[1].

Day of human labor, which pays tribute to honor and respect the working citizens [2] - the Decree of the Head of State of Kazakhstan a new holiday was introduced. Formation of labor values of the younger generation - it's not just schools and educational institutions, and it is addressed to employers. And in the social partnership - educational institutions, enterprises and the state carried out an innovative dual training, which is an important place to put education and training are not soulless technicians and people who are willing to consciously contribute to the prosperity of their homeland.

The dual training 70% of the time students spend in the workplace, in the shops and buildings of the plant or plants. Here students are working hardening, get "springboard" for the labor market and have a high possibility to get jobs. The competitive sector of the economy requires a constant inflow of educated and talented young professionals. And modern successful employer for the development of its production looking for the labor market of talented, promising, energetic and competitive specialists.

Key words: social partnership, the dual training, work values.

ӘОЖ 331.361

С.А.Жолдасбекова¹, Ж.О.Нұржанбаева²

¹М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент;

²М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент

БОЛАШАҚ МАМАНДАРДЫ ЕҢБЕК ЕТУГЕ ДАЯРЛАУДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК ӘРІПТЕСТІКТІҢ ОРТАҚ МҮДДЕСІ

Аннотация. Қазіргі қоғамда еңбек адамы қоғамның басты құндылығы және капиталы болып табылады. ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаев: «Интеллектуалды ұлт-2020 - жаңа формациядағы қазақстандықтарды тәрбиелеу, Қазақстанды бәсекеге қабілетті адамдар капиталы бар елге айналдыру» ұлттық жобасында жастарды еңбексүйгіштік, өзін үздіксіз жетілдіруге, білім алуға ұмтылып отыратын құндылықтар жүйесін қалыптастыру арқылы тәрбиелеуді атап өткен болатын [1].

Қазақстанда жаңа мереке – Еңбек адамы күні аталып өте бастады, онда еңбек ететін азаматтарға құрмет көрсету, еңбегі бағаланады [2]. Жас ұрпақтың бойында еңбек құндылықтарын қалыптастыру тек мектеп пен өзге де білім беру мекемелерінің құзырындағы мәселе емес, сонымен қатар жұмыс берушілердің де өзекті мәселелерінің біріне айналуы тиіс. Әлеуметтік серіктестік – білім беру мекемелері, кәсіпорындар және мемлекеттің біріге отырып, инновациялық технология ретінде дуальді оқытуды жүзеге асыруы және онда маңызды орынға рухани сапасы төмен техникалық мамандарды емес, өз Отанының өсіп-өркендеп, гүлденуіне саналы түрде үлес қосатын мамандарды оқытып, тәрбиелеуді қояды.

Дуальді оқытуда студенттер уақыттарының 70% жұмыс орындарында, цехтарда, зауыттарда, кәсіпорын базаларында өткізеді. Мұнда студенттер еңбекке шыңдалады, еңбек нарығына шығатын «сатыдан» өтеді және жұмыс орынымен қамтамасыз етілуіне мүмкіндік алады. Заманауи бәсекеге қабілетті экономика саласы сауатты әрі қабілетті жас мамандардың үздіксіз ағымын талап етіп отыр. Қазіргі ісі өрге басып отырған жұмыс берушілердің сұранысы өз өндірісін дамыту үшін бұл еңбек нарығынан дарынды, болашағына сенетін, одан нәтиже шығара алатын, ұтқыр әрі бәсекеге қабілетті мамандарға түседі.

Тірек сөздер: әлеуметтік әріптестік, дуальді оқыту, еңбек құндылықтары.

Кіріспе. Еңбек нарығында өз міндеттерін өзгеріп отырған экономикалық жағдайларға жылдам бейімделе отырып сапалы әрі жауапкершілікпен орындайтын жоғары кәсіби білікті мамандарға сұраныс артып отыр. Өйткені, әлемдік нарықта бәсекеге төтеп бере алатын сапалы өнім шығарудың алғышарттарының бірі жоғары білімді және кәсіби деңгейі жоғары, еңбек құндылықтарын бойына қалыптастырған, өз еңбегінен материалдық ғана емес, сонымен қатар рухани қанағаттанатын, адам ресурстарын даярлау екендігі дау туғызбайтын дәлел болып отыр. Бұл өз кезегінде ұлттың зияткерлік әлеуетінің, қоғамда әлеуметтік тұрақтылық деңгейінің артуын қамтамасыз етуге ықпал етеді.

Дуальді оқыту – бұл әлеуметтік серіктестіктің (білім беру мекемесі мен кәсіпорын арасындағы) іс-әрекеттерін дұрыс ұйымдастырылған механизмі нәтижесіндегі студенттерге білім беру үдерісі ретінде сипатталады.

Зерттеу әдістері. Қазіргі кезеңдегі кәсіптік және техникалық білім беру жүйесіндегі дуальды оқыту бойынша студенттердің еңбекке көзқарасы мен олардың бойында еңбек құндылықтарын қалыптастыру өзекті мәселе. Қалыптасқан педагогикалық озық ойлар мазмұнының өзегі аксиологиялық мәселе ретінде деп қарастырғандар: құндылықтарды тәрбие жүйелерінің түрлерін бөліп қарастырудың негізін Е. В. Бондаревская, С. В. Кульневич [3]; тәрбиені аксиологиялық тұрғыдан қарастыруды Н.Е. Щуркова [4], білім берудің негізгі мақсаты ретінде Б. С. Гершунский, В. П. Зинченко, Н. Д. Никандров [5,6,7] және т.б.

Кәсіптік білім беруде еңбек әрекеттеріндегі құндылық аспектілерін әлеуметтік тұрғыдан Л. В. Абдрахманова, Г. А. Карташов [8,9] және т.б. ғалымдар зерттеген.

Дегенмен, қазіргі еңбек нарығындағы кәсіби сапалы мамандарға деген сұраныстың жоғарылауы, әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан қоғамның түбегейлі өзгерістерге ұшырауы кәсіптік және техникалық білім беру жүйесінде болашақ мамандарды даярлауда еңбектің құндылықтық аспектісі мен студенттерді еңбек етуге даярлау мәселесі маңыздылығы арта түсті. Т.Заславская: «кәсіпорындар арасындағы және мемлекеттер арасындағы бәсекелестік мүдделері әлеуметтік мәселеде тоғысады» [10]. Осы тұрғыдан қарастыратын болсақ, кез келген мемлекет экономикалық жағдайының дамуы және гүлдендіру мақсатында қоғамдағы әлеуметтік мәселелердің қайнар көзі – адамның еңбек ету әлеуетін анықтап, сақтау, дамыту және оны жүзеге асыру жолдарын қарастыру маңызды қажеттілік.

Алайда, қоғамдағы түбегейлі әлеуметтік-экономикалық өзгерістер нәтижесінде студенттердің еңбек етуге деген құндылықтық көзқарастарының да өзгерістерін ескере отырып, жаңа жағдайда оны зерттеудің әдіснамалық және әдістемелік тұрғыдан қарастыруда бұрын қалыптасқан әдіснамалық көрсеткіштер мен әдістемелік құралдар жоғарыда аталған мәселені шешуде жеткіліксіз. Осы тұрғыдан қарастырсақ А. Маршаллдың «әлеуметтік адам» [11], Дж. Кейнстің [12], психологиялық зерттеу әдісіндегі «қор жинауға қабілетті тұлға» заманауи тұлғаның еңбек етуге құлшынысының экономикалық және психологиялық түрткілерін есепке алуымызға тура келеді. Мұнда тұлғаның белсенді әрі саналы таңдау еркі, икемділік қасиетінің маңыздылығымен ерекшеленеді.

Еңбек құндылығын және еңбек етуге деген құлшыныс ұғымын А. Маслоу [13], В. Врум [14], Г. Лок [15] әдіснамалық зерттеулерде қарастырған. Еңбек етуге деген құлшынысы жоғары жұмысшылар - өз мамандығын дұрыс таңдаған, еңбек орнына қанағаттанады. Әрине өз кезегінде бұл жағдай кәсіпорынның жемісті нәтижесін қамтамасыз етеді. Қазіргі білім беру жүйесіне ендіріле бастаған дуальді оқыту мазмұны тікелей білім беру мекемесі мен кәсіпорынның ортақ мүддесі – сапалы маман даярлау және сапалы маманға ие болуды бір жүйеге тоғыстырады.

Жүргізілген зерттеулер нәтижесіне жүгінер болсақ (зерттеулер ЖШС «Стандарт-Цемент», ЖШС «Қаратау-сервис» базасында жүргізілді, аталған кәсіпорындарда дуальді оқыту бойынша

жоғары сапалы мамандар даярлау М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетімен, Шымкент инновациялық-технологиялық колледжімен келісімшарт негізінде қолға алынған), өзінің жұмыс орнымен қанағаттанатын жұмысшылар саны өз мамандығына қанағаттанбайтындарға қарағанда 30% жоғары екендіктерін көрсетті.

Вейл П. [16], өз зерттеуінде «еңбек етуге құлшыныстың болуы қазіргі таңдағы кәсіпорындардағы ең маңызды мәселе болып табылатындығына» ерекше мән берсе, ал Т. Митчелл [17], еңбек ету құлшынысының мағынасын «бұл психологиялық үдерістер, мақсатқа жетуге ықпал ететін қарқынды, ерікті бағытталған және тұрақты іс-әрекеттер», - деп тұжырымдаған. Осы тұрғыдан алғанда, еңбек ету құлшынысы – бұл жұмысшының өз еркі мен бастамасына сүйене отырып, тапсырманы бар күш-жігерін сарп ете отырып орындау әрекеті болып табылады. Сонымен бірге еңбек етуге деген көзқарастардың өзгеруі тікелей студенттердің таңдаған мамандықтарына қанағаттануы мен қызығушылықтарына деген көзқарастардың сәйкес келмеуі нәтижесіне де байланысты. Сондай-ақ еңбек ұғымының өзгеруіне қазіргі кезеңдегі жаһандандудың салдарының бірі рухани құндылықтардың материалдық құндылықтарға қарағанда әлсіреуі де өз ықпалын тигізді.

А.Смит еңбек құндылығына еңбек үдерісінде жұмысшының бостандығының, бақытының және денсаулығының бір бөлігін «шығын етуі» деп анықтама берген, ал бұл «шығынды» материалдық тұрғыдан орнын жалақы, өтемақы, сыйақы және т.б. толтырады деді [18], ал рухани тұрғыдан толықтыруылуын біз өз зерттеуімізде анықтайтын боламыз. Біз қарастырып отырған «бәсекеге қабілетті еңбек адамы» моделінде басты назарды еңбек нәтижесінде жұмсалған «шығынның» орнын материалдық қана емес, сонымен қатар рухани толығыуы, еңбектен қанағаттануы тұрғысынан қарастыратын боламыз.

Еңбек етуге құлшынысы тұрғысынан көптеген зерттеулерді ескере отырып, еңбек құндылықтарын негізгі үш типке бөліп, тұжырым жасауға болады:

- ішкі, өзін жүзеге асыру құндылықтары (Маслоу, МакКлелланд) [19,20];
- сыртқы, материалдық құндылықтар, немесе қауіпсіздік құндылықтары (Герцберг) [21];
- әлеуметтік құндылықтар. Бұл үшін мінез-құлықты қалыптасуы тәсілдері және оған ықпал ететін факторлар қандай екендігін айқындау. Лок «еңбек етуге мотивация ішкі факторларға әсер ету арқылы іс-әрекетті туғызады, ал сыртқы факторлар іс-әрекетке құлшыныс береді» [22].

Зерттеу нәтижелері. Жоғарыда аталған студенттердің бойында еңбек құндылықтарының қалыптасуын зерттеу әдісін дуальді оқытуды оқу үдерісіне ендіріп отырған Шымкент инновациялық колледжінің студенттерінің ЖШС «Стандарт-Цемент» базасында тікелей еңбек үдерісіне қатысуы барысында олардың еңбек құндылықтарын қалыптасуын зерттеуге негіз етіп алдық. Бұл студенттердің бойында еңбек құндылықтарының қалыптасуының ерекшеліктерін анықтауға және олардың еңбек құндылықтарының жүйесін құрастыруға мүмкіндік берді. Анықталған еңбек құндылықтары кәсіпорынның сапалы мамандарға ие болуы және ұжымның еңбек қарқындылығы мен өндіргіштік қуатын арттырумен қамтамасыз ету мәселесін шеуді көздейді

Студенттердің еңбек құндылықтарын зерттеу барысында сауалнама құрастырылып, олардың электрондық почтасына жіберілді, 40 респондент арасынан 36 жауап келді, барлық сауалнама сұрақтары дұрыс толтырылып, жауап берген. Сауалнама 50 элементтен құралған: 16 мотивациялық факторынан және 20 еңбек құндылықтарынан, 14 еңбек ұжымындағы қалыптасқан еңбек құндылықтарын қабылдауы. Барлық сұрақтар мен оған берілген жауаптар шынайы, тікелей еңбек орнында жүргізілуімен сипатталады.

Зерттеу шеңберінде қарастырылған мәселелер:

- кәсіпорында жұмыс істейтін жастардың еңбек құндылықтарының қалыптасуы деңгейін анықтау;
- еңбек құндылықтарының қалыптасуына ықпал ететін факторларды анықтау.

Сонымен, зерттеу нәтижелері көрсеткендей, студенттердің еңбек құндылықтарына ықпал ететін факторлар: кәсіби қызығушылық; еңбекке тікелей студенттің араласуы мен еңбек операцияларын орындауы барысындағы іс-әрекеті; өндіріс орнындағы шебердің тұлғалық бейнесі мен қарым-қатынасы; еңбек ортасы мен ұжым арасындағы қарым-қатынасы.


Студенттердің еңбек құндылықтарының қалыптасуына қажетті маңызды құндылықтар анықталды: жауапкершілік; денсаулық; құзіреттілік; отбасы; өзін жетілдіру.

Дуальді оқыту жүйесін жүзеге асыру арқылы кәсіпорын болашақ мамандарға деген талап-тілектерін жеткізе отырып, өзінің еңбек үдерісін басқаруға қажетті еңбек құндылықтарын қалыптастыруға қатыса отырып, көздеген мақсатына жете алады.

В.Магун өз зерттеулерінде қазіргі ресейліктердің және алдыңғы қатарлы елдердің еңбек құндылықтарының трансформациялануын қарастыра келе, жоғары жалақы, қызықты жұмыс және жұмыс орнына сенімділігі алдыңғы қатарда екендігін атайды [23].

Студенттердің еңбек етуге құлшыныстарының артуына ықпал ететін аксиологиялық фактор маңызды орын алады, себебі студенттердің құндылықтар жүйесінде еңбек құндылықтарының маңыздылығы қаншалықты екендігімен тікелей байланысты.

Осыған байланысты, қазіргі қоғамдағы құндылықтарды қабылдауда өзгерістерді ескеру керек. Сонымен қатар, әлеуметтік-еңбек саласына кәсіптік даярлығымен енуі, өзін еңбек ортасында анықтауы, кәсіптік шеберлігін жетілдіруге құлшынысының артуы барысында студенттердің құндылық бағдарлары айқындалып және өздерін құндылық тұрғысынан анықтауы қалыптасады (Сурет – 2.).



Сурет 2 – Тұлғаның бойында еңбек құндылықтарының қалыптасуы.

Еңбек құндылықтары еңбек құлшынысының артуының өзегі, дегенмен қазіргі кезеңдегі студенттер алдында маңызды құндылықтар: материалдық құндылықтар, жалақы құндылығы еңбек мазмұны, еңбек арқылы өзін анықтауы, еңбек ету арқылы өзінің білімі мен қабілеттіліктерін жүзеге асыру мүмкіндіктері құндылықтарын артқа тастағанын байқаймыз.

Қоғамдағы дәстүрлі және заманауи құндылықтарды санада қабылдаудағы қайшылықты көзқарастары салдары. Бұл санадағы руханилық пен рационалдық құндылықтар арасындағы қайшылықтар [24].

Құндылықтарды қабылдаудағы жастардың санасындағы ауытқушылық деп қарастырған өзінің әлеуметтік зерттеулерінде И. В. Староверова, оған ықпал еткен маңызды факторлардың бірі мораль және адамгершілік құндылықтар жүйесіндегі дәстүрлі ұжымдық құндылықтар орнын даралыққа негізделген құндылықтар алмастырып отыр. Қазіргі кезеңде қоғамдағы жалпы қабылданған мәдени үлгілерді жастардың мойындамауы және еңбекке көзқарастарының өзгеруінен байқауға болады. [25].

Нәтижелерді талдау. Студенттердің құндылықтары жүйесіндегі еңбек құндылығының маңыздылығын талдауды біз қазіргі отандық, әлемдік деңгейдегі әлеуметтік – еңбек қатынастарының саласындағы орын алып отырған шынайы қарым-қатынастарға сүйене отырып

жасадық. Еңбекке деген көзқарастың дағдарысы, еңбек құндылықтары мен еңбек етуге деген ынтаның төмендеуі және оған әлеуметтік-экономикалық реформалардың ықпал етуі тұрғысынан қарастырдық. Зерттеулерде жастардың еңбек құндылықтарының дағдарысқа түсуін әртүрлі бағалайды, мысалы, жастардың еңбек құндылықтарының инструменталдық сипатқа ие болуы оң құбылыс ретінде бағаланады, өйткені олардың бойында шеберлік, жауапкершілік, адалдық, үнемшілдік, өзінің жұмысқа ынтасымен берілуі сияқты батыстың еңбек этикасына тән құндылықтар басымдық танытады [26].

Жүргізілген зерттеулердің нәтижелеріне қарап, біз, қазіргі кезеңде студенттердің бойында еңбек құндылықтарының қалыптасуы деңгейі құндылықтық еңбек кешені иедалынан алшақ екендігіне көз жеткіздік. Сонымен бірге, болашақ маманның кәсіптік тұрғыдан жарамдылығы мен еңбек құндылықтарын игеруі еңбек нарығындағы сұранысқа жауап беріп қана қоймай, сонымен қатар өз еңбегінің жемісін тек материалдық тұрғыдан ғана емес, рухани тұрғыдан қанағаттануына жол ашады. Құндылықтар жүйесіндегі бағыт беруші ретінде еңбек құндылығының өмірлік маңыздылығы арта түседі. Еңбек кәсіптік тұрғыдан ғана емес, тұлғалық өзін жетілдіруінің, өмір сүруінің сапасын арттыра түседі.

Осы тұрғыдан қарастырғанда, студенттердің бойында шығармашылық пен кәсіптік шеберлігін арттыру арқылы еңбек құндылықтарын қалыптастыру мүмкіндіктерін қол жеткізе алмайтындығымызды атап өткіміз келеді. Осының салдарынан жастар арасында кәсіптік мамандықтар шеңберінде жұмыс істеуді төмендеуіне, депрофессионализация – кәсіптік мамандықтардың тенденциясының тереңдеуіне алып келетіндігін ескеруге болады.

Қорытынды. Әлемдегі орын алып отырған экономикалық тұрақсыздық жағдайында жұмыссыздықтың өсуі, жалақының төмендігі, қысқартулар мен кәсіпорындардың бәсекеге шыдай алмай жабылып қалуы т.с.с. құбылыстар болашақ мамандардың өздеріне сенімсіздіктері мен кәсіптік шындалуына кедергі келтіреді, еңбек нарығындағы тұрақсыздық, кәсіптік мамандықтарға сұраныстың өзгеріп отыруы салдары болашақ мамандарды даярлайтын білім беру мекемелерінің алдында тұрған сын болып тұрғандығы шындық. Осы сыннан нәтижелі шығу жолдарының бірі болашақ мамандардың жұмыспен қамтылуы мен кәсіптік шеберліктерін жүзеге асуына ықпал ететін дуальді оқыту арқылы кәсіпорындармен тығыз байланыста бірлесе шешетін мәселе.

Источник финансирования исследований – проект по договору №77-10 от 12-февраля 2015 года МОН РК по теме «Научно-методологические основы совершенствование процесса подготовки будущих педагогов системы технического и профессионального образования к дуальному обучению»

ӘДЕБИЕТ

[1] Назарбаев Н.А. «Интеллектуальная нация - 2020». Выступление на встрече со стипендиатами программы «Болашақ». г.Астана. 30 января 2008 г. [WWW-документ] URL. Электронный ресурс. www.akorda.kz.

[2] Указ Президента РК от 22 ноября 2013 года № 698 внесены изменения и дополнения в Указ Президента Республики Казахстан от 20 января 1998 года № 3827 «О профессиональных и иных праздниках в Республике Казахстан» Указ дополнен пунктом 26-1.

[3] Бондаревская Е.В. Кульневич С.В. Педагогика: личность в гуманистических теориях и системах воспитания: Учеб. пособие для студентов педвузов и слушателей ИПК. - М.-Ростов н/Д, 1999. -560 с.

[4] Щуркова Н.Е. Новое воспитание / Н.Е. Щуркова. - Москва : Пед.общество России, 2000. - 113 с.

[5] Гершунский Б.С. Философия образования для XXI века. - М.: Совершенство, 1998. - 608 с.

[6] Зинченко В.П. Образ и деятельность / В.П. Зинченко. – Воронеж : МОДЭК, 1997. – 608 с.

[7] Никандров Н.Д. Духовные ценности и воспитание человека/Педагогика. 1998. № 4. С. 3-8.

[8] Абдрахманова Л.В. Образования и профессиональный труд в системе ценностных ориентаций студенческой молодежи : (на материале вузов г.Казани): Автореф. дис. на соиск. учен. степ. канд. социол. наук: (22.00.06) Казань, 2001. - 31с.

[9] Карташов Г.А. Профессиональный труд в системе ориентаций студентов колледжей. -Уфа, 1997. -117 с.

[10] Заславская Т. Трансформация российского общества как предмет мониторинга // Экономические и социальные перемены: мониторинг общественного мнения. - 1993. - No2. С.94.

[11] Маршалл А. Принципы политической экономии. Т.П. М., 1984. С.271.

[12] Кейнс Дж. Общая теория занятости, процента и денег. М.: Прогресс, 1978 г.

- [13] Маслоу А. Мотивация и личность. Издательство: Питер, 2012. С. 354
- [14] Врум В. «Труд и мотивация» (Vroom V. H. Work and Motivation. N. Y., 1964.)
- [15] Locke, E.A., Latham, G.P., & Erez, M. The determinants of goal acceptance and commitment. *Academy of Management Review*, 13, 1988. 23-39.
- [16] Вейл П. Искусство менеджмента. М.: Новости, 1998
- [17] Mitchell, T.R., Thompson, L., Peterson, E., Cronk, R. Temporal Adjustments in the Evaluation of Events Text. / T. Mitchell [at all] // The «Rosy View». *Journal of Experimental Social Psychology*. 33(4). - P. 421-448.
- [18] Смит А. Исследование о природе и причинах богатства народов / А.Смит / Пер. с англ. / Отв. ред. Абалкин Л.И. - М., 1993.
- [19] Маслоу А.Г. Мотивация и личность. СПб.: Евразия, 1999.
- [20] Мак-Клееланд, Д. Мотивация человека Текст. / Д. МакКлееланд. -СПб.: Питер, 2007. 672 с.
- [21] Герцберг Мотивация к работе. Издательство: «Вершина», 2007. С. 238
- [22] Locke E.A. Toward a theory of task motivation and incentives// *Organizational Behavior and Human Performanse*, 1968, №3. P. p.157-189.
- [23] Магун В. "Россия: трансформирующееся общество" под ред. В.А.Ядова. М.: Канон-пресс-Ц. 2001. С.430-448.
- [24] Социология молодежи. Энциклопедический словарь / Отв. ред. Ю. А. Зубок и В. И. Чупров. М., 2008. С. 559.
- [25] Староверова И.В. Факторы девиации сознания и поведения российской молодежи // *Социологические исследования*. 2009. N 11. С. 109 - 110.
- [26] Zholdasbekova S.A., Nurzhanbaeva Zh.O., Zaimogly O. Eszhanov S. The questions of future specialists preparation under dual system of vocational education in Kazakhstan. *International conference of industrial technologies and engineering*. October 30-31.2015. ICITE. M. Auezov South Kazakhstan State University Shimkent. Kazakhstan. 517-520.

REFERENCES

- [1] Nazarbayev NA "Intellectual nation - 2020". Speech at the meeting with the scholarship "Bolashak" program. Astana. January 30, 2008 [WWW-document] URL. Electronic resource. www.akorda.kz.
- [2] Decree of the President of Kazakhstan on November 22, 2013 № 698 amendments and additions to the Decree of the President of the Republic of Kazakhstan dated January 20, 1998 № 3827 "On professional and other holidays in the Republic of Kazakhstan" The decree is supplemented by paragraph 26-1.
- [3] Bondarevskaya EV Kulnevich SV Pedagogy: personality in humanistic theories and education systems: Proc. A manual for students of pedagogical institutes and IPC listeners. - M.-Rostov n / d, 1999. -560 p.
- [4] bee-eater NE New training / NE Bee-eater. - Moscow: Russian Ped.obschestvo, 2000. - 113 p.
- [5] BS Gershunsky Philosophy of Education for the XXI century. - M.: Perfect, 1998. - 608 p.
- [6] Zinchenko VP The image and activities / VP Zinchenko. - Voronezh: MODEK, 1997. - 608 p.
- [7] Nikandrov ND Spiritual values and education of human / Pedagogy. 1998. No 4. pp 3-8.
- [8] LV Abdrakhmanov Education and professional work in the system of value orientations of students: (on a material of high schools in Kazan): Abstract. Dis. on soisk. scientists. step. cand. Sociology. Sciences (22.00.06) Kazan, 2001. - 31с.
- [9] G. Kartashov Professional work in the orientations of students of the college system. -Ufa, 1997. -117 p.
- [10] T. Zaslavsky transformation of Russian society as the subject of monitoring // *Economic and Social Changes: Monitoring of Public Opinion*. - 1993. - No2. P.94.
- [11] Marshall A. Principles of Political Economy. T.II. M., 1984. p.271.
- [12] J. Keynes. The General Theory of Employment, Interest and Money. M.: Progress, 1978
- [13] Maslow A. Motivation and Personality. Publisher: Peter, 2012. pp 354
- [14] V. Vroom "Work and motivation» (Vroom V. H. Work and Motivation. N. Y., 1964.)
- [15] Locke, E.A., Latham, G.P., & Erez, M. The determinants of goal acceptance and commitment. *Academy of Management Review*, 13, 1988, 23-39.
- [16] P. Weil Arts Management. M.: News, 1998
- [17] Mitchell, T.R., Thompson, L., Peterson, E., Cronk, R. Temporal Adjustments in the Evaluation of Events Text. / T. Mitchell [at all] // The «Rosy View». *Journal of Experimental Social Psychology*. 33 (4). - P. 421-448.
- [18] A. Smith, The Wealth of Nations / A. Smith / Trans. from English. / Ed. Ed. Abalkin LI - M., 1993.
- [19] Maslow AG Motivation and personality. SPb.: Eurasia 1999.
- [20] McClelland, D. Motivation human text. / D. McClelland. SPb.: Peter, 2007. 672 p.
- [21] Herzberg motivation to work. Publisher: "Top", 2007, pp 238
- [22] Locke E.A. Toward a theory of task motivation and incentives // *Organizational Behavior and Human Performanse*, 1968, №3. P. p.157-189.
- [23] B. Magoon "Russia: transforming society", ed. V.A.Yadova. M.: Canon-press C. 2001. S.430-448.

[24] The Sociology of Youth. Collegiate Dictionary / Ed. Ed. Yu Clove and VI Chuprov. M., 2008. P. 559.

[25] IV Staroverova Factors deviation of consciousness and behavior of the Russian youth // Sociological studies. 2009. N 11. S. 109 - 110.

[26] Zholdasbekova S.A., Nurzhanbaeva Zh.O., Zaimogly O. Eszhanov S. The questions of future specialists preparation under dual system of vocational education in Kazakhstan. International conference of industrial technologies and engineering. October 30-31.2015.ICITE. M.Auezov South Kazakhstan State University Shymkent. Kazakhstan.517-520.

С.А.Жолдасбекова, Ж.О.Нуржанбаева

Южно-Казахстанский государственный университет им.М.Ауезова, Шымкент;
Южно-Казахстанский государственный университет им.М.Ауезова, Шымкент

ОБЩИЙ ИНТЕРЕС СОЦИАЛЬНОГО ПАРТНЕРСТВА В ПОДГОТОВКЕ К ТРУДУ БУДУЩИХ СПЕЦИАЛИСТОВ

Аннотация. Человек труда является главной ценностью и капиталом современного общества. Президент РК Н.А.Назарбаев в своем национальном проекте «Интеллектуальная нация-2020» - по воспитанию молодежи через формирование правильной системы ценностей, трудолюбие, стремление к постоянному самосовершенствованию и обучению отметил: «Воспитание казахстанцев новой формации, превращение Казахстана в страну с конкурентоспособным человеческим капиталом»[1].

Указом Главы государства в Казахстане был введен новый праздник - День человека труда, что воздает дань почета и уважения трудящимся гражданам [2]. Формирования трудовых ценностей молодого поколения - дело не только школы и учебных заведений оно обращено и к работодателям. И в этом социальном партнерстве – учебных учреждениях, предприятий и государства осуществляется инновационное дуальное обучение, которое на важное место ставить обучение и воспитание не бездушных технарей, а людей, которые осознанно готовы вносить вклад в процветание своей Родины.

В дуальном обучении 70% времени студенты проводят на рабочих местах, в цехах и корпусах завода или предприятий. Здесь студенты проходят трудовую закалку, получают «трамплин» для выхода на рынок труда и имеют высокую возможность получать рабочее место. Конкурентоспособный сектор экономики требует постоянного притока грамотных и способных молодых специалистов. И современные успешные работодатели для развития своего производства ищут в этом рынке труда талантливых, перспективных, энергичных и конкурентоспособных специалистов.

Ключевые слова: социальное партнерства, дуальное обучение, трудовые ценности.

Сведения об авторах:

Жолдасбекова Сауле Абдразақовна – доктор педагогических наук, профессор кафедры «Теория и методика профессионального обучения» Южно-Казахстанского государственного университета им.М.Ауезова.

Нуржанбаева Жанат Оралбайқызы – докторант по специальности 6D012000 – «Профессиональное обучение» кафедры «Теория и методика профессионального обучения» Южно-Казахстанского государственного университета им.М.Ауезова.